

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ИШАНДАР ИНСТИТУТЫ: ТАРИХТАҒЫ АППАҚ ИШАН ТҰЛҒАСЫ

Есбаева Айдана Илесқызы

aidana.yesbayeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми кеңесшісі: т.ғ.д. Алпысбес Мақсат Алпысбесұлы

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, рухы биік қазақ халқының сонау ғасырлардан бергі қалыптасқан өзіне тән мәдениетінде, әдебиеті мен өркениетінде өзіндік орны бар ерекше құндылықтарымен көзге түседі. Жалпы бүгінгі тақырыбымызға арқау болып отырған 2017 жылғы «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» тақырыбындағы жолданған Президенттің Қазақстан халқына жолдауы негіз болып отыр. Мысалыға алар болсақ жолдауда былай делінген «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [1].

Өткенге зер салмай, болашаққа қадам басу жоқ. Бізді бүгінгі бақытты заманға жеткізген, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғаларды ұлықтау – ұрпақ парызы. Сондықтан да, тарихи тұлғаларға тағзым етіп, олардың есімін қайта тірілту рухани тұрғыда жаңғырудың көрінісі боп есептеледі.

Осыған орай, тарих қойнауына ой жүгіртсек, дүйім елдің алдында сөз бастаған билері, ақтабан шұбырындыда жаудан жерін, халқын қорғаған батырлары, қалың елді Ислам діні арқылы имандылыққа ұйытқан ишан, молда, имамдары еске оралады. Билер мен батырлар туралы сөз басқа. Сондай халықтық тұлғалардың бірі – аудан орталығы Шаяннан мешіт-медресе ашып, жұртты имандылыққа ұйытып, сауапты іспен айналысқан Аппақ ишанның жөні бөлек [2].

Егер біз ишанға анықтама бере алсақ, қазақтың ұлттық діни ұстанымы айқындала түседі. Тіпті біздің ұлттық мінезіміз де, ашық-шашық көрінетін қалпымыз да діни ұстанымымызға тікелей байланысты. Оның негізі – ишандық мектептен бастау алады. Сонымен, ишан деп кімді айтатынын білген жөн, өйткені діндардың бәрі ишан болмайды. Бүгінгі діни түсінік тұрғысында сараласақ, ишандық өткен тарих еншісінде қалғандай әсер қалдырады. Себебі ишандыққа дайындайтын жоғары оқу орны жоқ. Ондай оқу орны бұрын да болмаған. Жалпы, ишандық оқу арқылы қалыптаспайды. Ол – беріледі.

Ишандықтың тағы бір анықтамасы – пірлік. Пірге байлану біздің табиғатымызға тән. Пір және мүрид. Тарихты қаузамай-ақ көнекөз қариялардың сөзіне құлақ салсақ, ишансыз ауыл болмағанына көз жеткізесің. Олардың қай-қайсысы да «біздің піріміз Пәленше», «біз түгеншенің мүридіміз» деп жатады. Жалпы, пірлік ауыл-аймақтан басталып, үш жүздің басын қосуға дейінгі деңгейге көтерілген. Оны пайғамбар әулетіне деген құрметтен де аңғаруға болады [3]. Оған дәлел – сайын далада бой көтерген кесенелер. Сондай киелі орындардың бірі – Аппақ ишан медресесі (1-сурет).

Аппақ ишан күмбезі – XIX ғасырдың ақырындағы архитектуралық ескерткіш. Түркістан облысы Шаян ауылында күйдірілген кірпіштен шаршы жобада салынған.

Аппақ Ишан медресесі діни оқу орыны ретінде 1927 жылға дейін, Қазақстанда ірі байларды конфискациялауға дейін өмір сүреді. 1926 жылы мешітте діни мектеппен қатар тұңғыш рет қазақ бастауыш мектебі ашылған. Мектептер 1933 жылы бастауыш, 1934 жылы жеті жылдық, 1937 жылдан орта мектепке айналып, кейін жаңа жайға көшіріледі. Ал, мешіт-медресе Шаян ауылындағы тарихи жәдігер ретінде бүгінгі күнге жетті [4].

Табанының аумағы 6,7 м x 6,6 м, ішкі көлемі 3,5x3,5 м биіктігі 6 м. Қабырғаларының ішкі жағына әлемнің төрт жағына бағытталған тайыздау қуыс жасалған. Құрылысты күмбезбен жапқан. Аппақ ишан күмбезі пішімі жағынан Қазақстанның оңтүстігіне тән діни құрылыстарға жатады. Күмбездің ішінде екі сағана бар. Оның бірі — Шаян ауылындағы мешіт-медресені салдырған Аппақ ишандікі, екіншісі — осы Аппақ ишан күмбезін салған шебердікі [4].

Аппақ ишан мешіт-медресесі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей қолдауымен қайта қалыбына келтірілді.



1 сурет. Аппақ ишан күмбезі

Шаяндағы бұл мешіт-медресенің іргесін де кезінде ишандар әулеті қалаған. Аппақ ишанның атасы Қосым ишан бастап, одан әкесі Сейдахмет жалғастырады. Соңғы кірпішін Аппақ ишанның өзі қалап, мұнда бала біткеннің діни сауаты ашылады. Қазір бұл нысанның жартысы мешіт қызметін атқарса, жарым бөлігі мұражай ретінде жұмыс істейді (2-сурет).



2 сурет. Аппақ ишан күмбезі

Аппақ ишан 1864 жылы Шаян ауданындағы №1 ауылда туған. Өзі ұзын бойлы, арықша келген, келбеті келіскен кісі екен. Үнемі үстінен ақ киімі түспеген тақуа адам болған. Мүмкін оны жұрт сол үшін де Ақ ишан деп атаған шығар. Ол жеті ағайынды. Солардың бізге аты белгілі болғандары Мәди, Рахматулла, Асадулла, Бдырыс, Сабыр. Аппақ ишанның екі

әйелінен бес баласы бар. Олар: Бахабулла, Алауатдин, Сағадулла, Сүнатулла да, бесінші баланың аты ОГПУ-дің тергеу құжаттарында көрсетілмепті. Аппақ ишан көшеге жөн-жосықсыз шығып, жұрттың көзіне түсе бермеген. Ол көбіне күні бойы мешітте Жаратушы иемізге құлшылық етіп, медреседе шәкірттеріне дәріс оқып, кітапханада ұзақ кітап ақтарумен өткізген. Оның шәкірттері арасынан елге танылған білімді молдалар мен имамдар көп шыққанын бүгінде жетпіс, сексендегі ақсақалдар жақсы біледі [2].

Қуғын-сүргін жылдарында қуғын көрген 25 мың қазақтың бестен бірі дін жолындағы азаматтар мен мешіт молдалары болыпты. Қанды жылдардағы ащы шындықты, Аппақ ишанды зерттеп, зерделеп жүрген тарихшы Мәмбет Қойгелді баба рухына арналған ғылыми конференцияда жайып салып, біраз шындықтың бетін ашты.

Мәмбет Қойгелді, тарихшы: «Қуғын-сүргін жылдарында, ең алдымен, құрбан болғандар ишандар әулеті болды. Ишандарды қудалау 20-жылдардың аяғында басталды. Аппақ ишан 1930 жылы Өзбекстанда тұтқындалды. Сол жылы сотталды».

1929 жылы желтоқсан айының соңғы күндері орталық Мемлекеттік саяси басқармасының Сырдария облыстық бөліміндегі Шығыс бөлімінің бастықтары қол қойып бекіткен Ташкент қаласындағы ОГПУ-дің Орта Азия бойынша бөліміне жолдаған хатында былай деген. «Сырдария округі, Шаян ауданындағы астық даярлау ісіне байланысты Өзбекстанға Аппақ ишан бастаған, қазақ жұрты арасында аса зор беделді, соңғы мезгілге дейін Шаян мешітінде медресе ұстаған бір топ қазақ ишандары қашып барды [5].

Ташкен қаласындағы ОГПУ қызметкерлері оларды іздестіруге кірісіп, 1930 жылдың сәуір айының соңғы күндері Аппақ ишан Сейдахметовті, Бахабулла Аппақишановты және Сабыр Сейдахметовті тұтқынға алып, № 2690 тергеу ісін жүргізеді. Ал сол жылдың 20 маусымында ОГПУ-дің Сырдария облыстық бөлімінің бастығы Журавлевтің бекітуімен қабылданған қаулыда «тұтқындалған ишандардың бостандықта жүруі тергеу ісіне әсері болуы ықтимал» деген негіздемемен қылмыстық-процессуалдық кодекстің 143-бабына сәйкес, оларды абақтыда ұстау қажеттілігі айтылған. Осы жылға 29 сәуірде ОГПУ (БМСБ) тергеушісі жүргізген тергеу хаттамасында мынандай мәліметтер берілген: «Сейдахметов Аппақ-Мақсұм, қазақ, 66 жаста, екі әйелі, бес баласы бар, сауатты, өз ауылында білім алған, өзі 1926 жылға дейін имам қызметін атқарған. Дауыс беру құқы жоқ. Қора-қопсысымен 2 үйі, 3 түйесі, 4 өгізі, 5 сауын сиыры, 9 жылқысы, 40 бас қойы, 14 десятина жері және түрлі үй заттары болған. Сотталмаған. Орыс-жапон соғысы тұсында қажылыққа барып, сонда 4 ай тұрған. Революцияға дейін 60 бас қойы, 6 бас сиыры, 10 жылқысы, 3 түйесі, 5 өгізі болған».

Аппақ ишан тергеуші сұрағына: «Әкем 20-30 жыл бойына ишан атанды. 600-800 мүриттері болған, осыдан 35 жыл бұрын өмірден өтті. Өлер алдында мүриттерін балалары алдында бөліп, маған 60-ы тиесілі болған. Олар Шаян, Сасық, Бөген ауылдарында тұрады. Жылдық табысым 300-400 рубль көлемінде. Бірақ, сол мүриттерді көрмегеніме міне, үш жыл болғанын мәлімдеймін», – деп көрсеткен.

Тергеу ісі барысында Аппақ ишан мен оның бауырлары мен ұлдарының кінәлары дәлелденбесе де, 1930 жылы 11 шілдеде ОГПУ-дің Сырдария облыстық бөлім бастығы бекіткен қаулыда тұтқындағы ишандардың заң алдында кінәлі екендері толық дәлелденбегендеріне қарамастан, мынадай тұжырым жасаған: «Жоғарыда аталғандар ауыл мен қышлақтағы бай-ишандық элементтің жоғарғы бөлігінің өкілдері екені жеткілікті деңгейде әшкереленді. Өздерінің бұқараға ықпалын пайдалана отырып, олар ауылдағы саяси шаруашылықтық шараларды үзіп тастауға бағытталған антисоветтік насихатты жүйелі түрде жүргізіп отырған. Сейдахметов Аппақ ишан өзінің беделін тұрғындардың санасы төмен бөлігін қорқытып пайда табуға жұмсаған. Бұлар жергілікті кеңестік аппаратқа айтарлықтай ықпал жасап, оны өздерінің мақсаттарына пайдаланған».

ОГПУ тергеушілері осыны негізге ала отырып, Аппақ Сейдахметов бастаған ишандарды 1927 жылы қолданысқа енген Қылмыстық кодекстің 58-10 және 59-7 баптары бойынша айыпқа тарту жөнінде шешім қабылдайды. Қаулы жазылған парақтың төменгі жағына үш ишан да «өзімді кінәлі ретінде мойындамаймын» деп көрсетіп, қолдарын қойған [2].

Сонымен, 1930 жылдың 18 тамызында «үштіктің» шешімімен Аппақ ишан Павлодарға жер аударуға кесіледі. Алматыға пойызбен жөнелтілген ишанның келе жатқанын естіп, жолай халық берген тамақты сонау Ресейден сотталған, аштықтан бұратылған басқа дін өкілдеріне беріп, ажалдан сақтап қалады. Пойыз Алматыға тоқтағанда сол діндарлар Аппақ ишанның аяғын жерге тигізбей түрмеге дейін көтеріп апарды.

Аппақ ишан 1933 жылы көктемде 70-ке қараған шағында Павлодар қаласының түрмесінде дүниеден озды[5].

Түрме түнегінде жарық дүниеден өткен Аппақ ишанмен бірге халықтың рухани шежіресінің тағы бір маңызды парағы жабылғанын оның заман-дас-тарының бірлі-жарымы сезсе де, басым бөлігі, әрине, пайымдай қойған жоқ. Кеңестік билікке керегі дін ықпалынан ада, илеуге көнетін «жаңа кеңестік» адам еді. Дегенмен, өз дініне, өз ұлтына нық сеніп, өмірінің соңына дейін қызмет еткен Аппақ ишанды және тағы сол сияқты қазақ даласының ұлы перзенттерін ұлықтау – ұлт парызы деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н., Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – №70.
2. Адырбекұлы К. «Аппақ ишан» <https://turkystan.kz/article/62624-appa-ishan>
3. Біләл Қ. «Аппақ ишан» <http://anatili.kazgazeta.kz/news/21840>
4. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. – 449 б.
5. Дарханбаева М. «Оңтүстіктегі киелі 20 орын»: https://el.kz/news/cities/ontustiktegi_kieli_20_orin/
6. Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары: шежіре-кітап. Астана: «Фолиант» баспасы, 2014.
7. «Аппақ ишан»: <http://kozhal.ar.kz/20173517-appaq-ishan>